

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10 - 06.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күннің көзінде тұрғанына көңіл аудару; күннің жарығы мен жылуына оған адам	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді	"Еңбекке баулу" Құрылыс материалдарының қорапта жиналып тұрғанына көңіл аудару; бөлшектер шашылып жатса, қорапқа сыймайтынын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үсті ойындарының сөресінде шашылған бауларға көңіл аудару; бауы бар ойыншықтардың әдемі байланып

	әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; сукұйғыш арқылы суғаруды көрсету.	ғана емес, өсімдіктердің де мұқтаж екенін түсіндіру; өсімдіктердің жапырақтары күннің көзінде жылтырап тұрғанын байқату.	күтуде сумен суғарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	байқату.	тұрғанын түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету.
	Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Мақсат-міндеттер. Балада жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Ұшты талдан жапырақ	Саусақ жаттығуы. "Сары күнге ұқсап". Мақсат-міндеттері. Балаларда күз мезгілі жөнінде ұғымдарды қалыптастыра бастау; сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын; жаттығуларды жасағанда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогке еліктеп қимылдарды саусақтарымен жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндерді өлшемдеріне сай ойықтарға салуға ынталандыру; ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық.	Байлау ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға бау байлауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар. Баудың ұшынан ұстайық Тесіктерден өткізейік, Әдемілеп байлайық. (сенсорика,

	Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев (сөйлеуді дамыту)	Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). (сөйлеуді дамыту)	тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	(сенсорика, танымдық іс-әрекет)	танымдық іс-әрекет)
Ертеңгілік жаттығу	1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру. 1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту. 1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру. 2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету. 2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу. 2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау. 2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып: аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру. 3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету. 3.2. – Бастапқы қалыпқа келу. 3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету. 3.4. – Бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) Қасығымыз қайда? Табакшамыз қайда?				

	Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың көтеріңкі көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) Көркемсөз. Асқаржан Сәрсекөв "Күзгі көрініс". Күздің салқын самалы Аймалайды маңдайдан, Алып қашып барады Жапырақты сарғайған. Тыныстаған ырғалып Бақ-бау қандай, гүл қандай? Сары қыздар жиналып, Сыбырласып тұрғандай ...				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Салтанатты адым". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету; тізені жоғары көтеру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру. Тізені	Музыка. "Айгөлектей дөңгелеп". Мақсат-міндеттері. Балаларды еліміздің Әнұранын ерекше эмоциялық сезімде қабылдауды және әннің сыр-сипатын ажыратуды үйрету;	Дене шынықтыру. "Әдемі, салтанатты адым жасайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын дамыта отырып, адымдау арқылы дене қимылдарын	Дене шынықтыру. "Тізені жоғары көтеріп жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру	Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Үлкен және кішкентай сәбіздер". Мақсат-міндеттері. Балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанға салып жылыту, илеу, алақанмен үйкелеу

	жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; дене жаттығуларын жасағанда тазалыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Маған қарай адымдандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагогтің ауызша нұсқауларын толық орындауды үйрету. (дене шынықтыру)	музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру. "Кім жылдам қозғалады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойнатылған әннің әуеніне би билеуді үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде қимыл икемділігін жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру; балалардың шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; алмаларды себетке жинауды үйрету; дене жаттығуларын жасағанда тазалық пен ұқыптылыққа, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу. "Жалаушаны әкел" қимылды ойыны. Қимыл икемділігін дамыту, тізені жоғарып көтеріп	арқылы балалардың қимыл жылдамдығын дамыту; балалардың эмоциялық көңіл күйлерін көтеру; балаларды шапшаңдық қабілеттерін жылдам игеруге баулу; себетке жемістерді жинауды, дене жаттығуларын жасағанда тазалық пен ұқыптылыққа, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу. "Мен нұсқаймын" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Тізені жоғары көтеріп, адымдап жүруді, ереже бойынша ойнауды үйрету. (дене шынықтыру)	тәсілдерімен таныстыра отырып, таяқша пішінін "сәбіз" жасауды үйрету; алақанмен жұмыс жасауға жаттықтыру; балаларға сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы түсініктер беру. Қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Ауада мүсіндеу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Мүсіндеу тәсілдерін ауада жасап көрсету. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Қош келдің, Алтын күз!" Мақсат-міндеттері. Балалардың күз
--	--	--	---	--	---

			жүруді, кедергілерден аттауды үйрету. (дене шынықтыру)		құбылыстары және ерекшеліктері арқылы зейін, қабылдау, сөйлеу тілін және түйсігін дамыту. "Күз сыйлары" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Бөлінген заттардан тұтас суретті құрастыруды үйрету. (мүсіндеу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтауды, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Жапырақтарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың	Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін жапырақтардың сары	Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа,	Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ	Күзгі ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты,

жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог: - Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар? - Жарайсыңдар, балалар! Жапырақтар. - Жапырақтар жасыл ма? - Жапырақтар сары. Педагог жапырақтардың түсіп жатқанына көңіл аударады. - Қараңдаршы, балалар, жапырақтарға не болды? - Жапырақтар түсіп жатыр. <i>М. Мұқатаев "Сап-</i>	түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Түріп жатыр, Бүріп жатыр Солғын тартқан гүлдерді. Бірақ сары жапырақ Қалмады жерде курап, Желге көніп, амалсыз, Ұшып жатыр, шыр айналып. Еңбекке баулу тапсырмалары:	мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. - Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарда курап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке	салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар ұшып барады. - Адамдарға қараңдаршы, балалар, ауа салқын, адамдар жылы киінді. <i>Қ. Ыдырысов "Күзім".</i> Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. Еңбекке баулу тапсырмалары:
--	---	--	---	--

<i>сары жапырақтар".</i> Сап-сары жапырақтар ... Сап-сары жапырақтар ... Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жапырақтар" қимылды	"Саябаққа шығайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. Саябаққа шығайық, жиналайық, Сап-сары жапырақты, кел алайық, Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық, Шеңберде бірге билеп, айналайық. - Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада қандай әдемі ұшты, жерге қонды! Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу.	балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап	қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып	балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-
--	--	---	---	---

	жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, көркемсөзге сай қимылдарды көрсетеді. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарды қайталауды көрсетеді. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері.	"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	қояды. - Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар. Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескереді. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен	жасырады. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру қабілетін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, музыка)	жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	---	---	--	---	---

	Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен), ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру; күзде өсетін жемістер мен көгөністер атауларымен таныстыру; күз ерекшеліктері мен құбылыстары	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жапырақтар түсіп қалды". Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруді және ажыратуды үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтарын	"Киюді үйрену" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, ойынға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту)	"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап

	жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың жемістер мен көгөністер атаулары арқылы қабылдау қабілеті мен тілін, ой-өрісі мен есте сақтауын дамыту. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету, еске сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Саппен жүру жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту,	заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; пішіндерді, үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, ортақ қасиеттер бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру. Ауада сурет салу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Ауада сурет салу тәсілдерін көрсету. Қимыл икемділігін жаттықтыру. "Жапырақтарды жинайық" дидактикалық	жыбырлату) Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау) Арасына өткізіп, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу) Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау) (сөйлеуді дамыту) Д. Ахметова		(қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). (сөйлеуді дамыту)
--	--	--	--	--	--

	бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу) Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуды жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). (сурет салу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)			
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай	Д. Ахметова "Жолақша". Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса, тұрмайық". Жаңбыр жауса, тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там – соқса	"Жапырақтар". Ермексازдан көлемі бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. (мүсіндеу)	Саусақ жаттығуы. Д. Ахметова "Құлыштар". Саусақтарды ойнатайық, Бір-біріне уқалайық. Арасына өткізіп,

	шатырлап, Тамшы жерде секірді. (сөйлеуді дамыту)	барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. (сөйлеуді дамыту)	тамшылар, Жамылып, отырайық. (сөйлеуді дамыту)		Мықты құлыптар жасайық. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ірі және ұсақ моторикасын дамыту)				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Мақсат-міндеттері. Балада жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың ұсақ моторикасын; жаттығуларды жасағанда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап,				

	Тамшы жерде секірді. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ірі және ұсақ моторикасын дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".